

Бекітемін:  
№7 «Балдырған» санаториялық  
бөбекжай- балабақшасы, КММ  
менгерушісі:   
З. Ж. Нурмағанбетова



**«Ата заң – Алтын заң!»  
«Алтын кілт» ересек тобы  
«Балдәурен» ортаңғы тобы**

**Тәрбиешілер: Изенова З  
Үмертаева М**

**Тамыз 2024ж**

**Тақырыбы: «Ата заң - Алтын заң!»**

**Мақсаты:**

Балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, патриоттық сезімін ояту.

Қазақстанның келешегі өздері екеніне көз жеткізу.

Ата заңымызды құрметтеуге, достыққа, елжандылыққа тәрбиелеу

**Балалар залға музыкамен жалауша ұстап кіреді**

**Жүргізуші:**

Құрметті балалар және қонақтар! Конституция күніне арналған «Ата заң – Алтын заң!» атты кешімізге қош келдіңіздер!

Еркін елдің Ата Заңы ардақты,

Әрбір сөзі, әрбір бабы салмақты.

Адам құқы, бостандығы, теңдігі,

Барлығын да қарастырған жан - жақты!

**Жүргізуші:**

Бақыт, бірлік күн талабы,

Тоқтамайды дүбір әні

Мәңгі бақи шырқалады,

Республика Әнұраны!

**Гимн орындалады**

**Жүргізуші:**

Ел тәуелсіздігіміздің кепілі – Конституция күніне орай сөз кезегі балабақша меңгерушісі Эльмира Жалпақбайқызына беріледі.

**Жүргізуші:**

Қазақстан - егеменді байрақты ел,

Жердің жүзін мойындатқан қайратты ел.

Ата Заңым- елдігімнің еңсесі,

Заң барда, қазақ елі айбатты ел.

**Хор: «Күн сәулелі-Қазақстан!»**

**Жүргізуші:**

Ата Заңымыз, Отанымыз туралы балалардың жылы тілектеріне кезек берейік. «Балдәурен» тобы:

**Тақпақтар:****Нұрасыл:**

Елім менің- жүрегім  
Бар жақсыны тіледім  
Конституция күнімен  
Құттықтаймыз сіздерді

**Мүсілім:**

Қуанамын, шаттанып,  
Өзің барда Отаным  
Конституция күнінде  
Таусылмасын жыр, әнің

**Сафия:**

Қорғалатын құқығын,  
Ата Заң бұл киелі  
Ата заңның алдында  
Бар адам бас иеді

**Нұрлыбек:**

Көк аспандай көкпеңбек  
Қазақстан жалауы  
Көк емес ол тектен-тек  
Елдің ашық қабағы

**Нұғыман:**

Біз Отанның бөбегі  
Бал-бұл жанамыз  
Еркелеткен біздерді  
Отан анамыз.

**Әли:**

Алтын күннің астында  
Желбіреді туымыз  
Қазақ деген халықтың,

Ұлы мен қызымыз

**Сырғалым:**

Туған елім гүл елім

Қасиетінді білемін.

Өзіңе деп жүремін

Лүпілдеген жүрегім.

**Алтынай:**

Отаным Қазақстаным

Биік болсын тұғырың

Ата Заңым айбынды

Ұзақ болсын ғұмырың!

**Әмірхан:**

Жайнап өскен баламыз

Білім қуған дарамыз

Ата заңмен нық басып

Болашаққа барамыз.

**Айару:**

Білімнен жұпар жинаймын

Еліме бақыт сыйлаймын

Жүрекпен сүйіп Отанды

Жүректен мәңгі жырлайын

**Жүргізуші:**

Өз еліне, жеріне деген сезімдерін әнмен жеткізетін кішкентай

бүлдіршіндерімізді қарсы алайық

**Жеке ән: «Қазақстан»**

**Орындайтындар:** Сырғалым мен Әмина

**Би:** «Ақ көгершін» (Шұғыла, Қаракат, Мадина, Әмина, Кәусар, Анель )

**Жүргізуші:**

Бақытты балалық шағының куәсі болып жүрген сүйкімді бүлдіршіндер өз Отанын мақтан етеді

**Жеке ән: «Отанның жас өркені»**

**Орындайтындар:** Алтынай мен Нұрлыбек

**Жүргізуші:**

Өз Отанына, еліне, жеріне жүрекжарды лебіздерін білдіретін  
бүлдіршіндерді қарсы алайық

**Тақпақтар: «Алтын кілт» тобы**

Арман: Қазақстаным Отаным,  
Шалқыған шаттық ордасы  
Тәуелсіздіктің ұланы  
Шаттық, ән жырдың арнасы.

Арлен: Ардақтар бірлігім,  
Айтулы күн бүгін,  
Арналар өзіңе ән-жырым,  
Бұл Ата Заң күні.

Айсұлтан: Желбіреген көк туым,  
Көтерілер шоқтығың,  
Қазақты әлем таныды  
Егемен ел боп бүгін.

Әлинұр: Бас иетін адам бар,  
Әр бір сөзі салмақты.  
Қорғар бәле жаладан,  
Ата Заңым ардақты.

Нұрмұхаммад: Байлығы мол жерім бар,  
Берекелі елім бар,  
Ата Заңмен қорғалған  
Болашаққа сенім бар.

Иманғали: Отан туған еліміз,  
Отан туған жеріміз  
Тек қана осы Отанға  
Арналады әніміз.

**Жүргізуші:**

Өздерінің бақытты бала екенін әнмен жеткізетін бүлдіршіндерімізді  
қарсы алыңыздар

**Жеке ән: «Біз бақытты баламыз»**

**Орындайтын: Айсұлтан**

**Би: «Қазақ елі» «Алтын кілт» тобы**

**Ойын: «Ғажайып тақия»**

**Жеке ән: «Қазақстаным»**

**Орындайтын: Әлинұр**

**Жүргізуші:**

Өркендеп өз қолына алған ісі,  
Биікке қазағымның самға құсы,  
Халық боп қадір тұтып қастерлеген,  
Ата заң – Азат елдің ар - намысы!  
Халқымыз бірлікте, татулықта тыныш өмір сүрсін! Еліміздің абыройы  
мен мәртебесі асқақтай берсін! Конституция күні баршамызға құтты  
болсын! Қазақстанымыз жайнап, гүлдене берсін!!!  
**Хор: «Ата заңым-айбарым!»**

Табан Балқұрған  
Құра: 20.03.2024 ж.  
Қарағанды облысы  
Қарағанды қаласы  
Қарағанды облысының  
Қарағанды қаласы



# «АТА ЗАД - АЛТЫН ЗАД»



*«Балдаурен» ересек тобы*